



**БҰЙРЫҚ**

*2017 жылғы 07 наурыз*

Қарағанды қаласы

**ПРИКАЗ**

*№ 28*

город Караганда

**Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Агроөнеркәсіптік кешендегі  
мемлекеттік инспекция комитетінің  
Қарағанды облыстық аумақтық  
инспекциясының Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы  
стандартын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабына сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының ресми интернет-ресурсында орналастырылуы қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

*[Signature]*  
К. Шушиков



Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Агроөнеркәсіптік кешендегі  
мемлекеттік инспекция  
комитетінің Қарағанды облыстық  
аумақтық инспекция  
басшысының 2017 жылғы  
«07» наурыздағы № 28  
бұйрығымен бекітілген

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 10-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы (әрі қарай - Инспекция) қызметінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті нығайту мақсатында әзірленген.

1. Қоғамдық қатынас саласының атауы: Ауыл шаруашылығы.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы: «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы» ММ.
3. Инспекцияда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалардың өзін-өзі ұстау ережелері:
  - 3.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты әсер ететін салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:



3.1.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық және заңға тәуелді актілерінің талаптарын сақтау;

3.1.2. Инспекциямен ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің стандарттары, регламенттері және Ережелерінің талаптарын сақтау;

3.1.3. мүдделер қақтығысын болдырмау, егер пайда болса, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

3.1.4. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңдық мүдделерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекет (әрекетсіздік) жасамау;

3.1.5. материалдық және материалдық емес пайда табу мақсатында қызметтік құзіретін қолданбау.

## **3.2. Басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау кезінде:**

3.2.1. азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын шектемей, заңдылық және әділеттілік қағидаларын басшылыққа алу;

3.2.2. мүдделер қақтығысын болдырмау, егер пайда болса, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

3.2.3. кәсіби этиканы сақтау;

3.2.4. жеке және заңды тұлғаларға ерекше ықылас білдірмеу;

3.2.5. төменгі құрылым мекемелеріне, ұйымдарға, мемлекеттік қызметкерлерге және басқа да тұлғаларға заңсыз әсер ету мақсатында қызмет бабын пайдаланбау.

## **3.3. Нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу барысында:**

3.3.1. заң және құқық басымдылығы қағидаларын басшылыққа алу.